



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрлігі



**«ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ
ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары
18 сәуір, 2025 ж.**

«数字智能技术在现代汉语教学中的应用问题»

国际学术研讨会论文集

2025 年 4 月 18 日

**«ПРОБЛЕМЫ ПРИМЕНЕНИЯ ЦИФРОВЫХ
ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ
СОВРЕМЕННОГО КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА»**

**Материалы международной научно-практической конференции
18 апреля, 2025 г.**

**«ISSUES IN THE APPLICATION OF DIGITAL INTELLIGENT
TECHNOLOGIES IN MODERN CHINESE LANGUAGE
TEACHING»**

**Materials of the international scientific and practical conference
April 18, 2025**

**АСТАНА, 2025
ASTANA, 2025**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
哈萨克斯坦共和国教育部
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
列·尼·古米廖夫欧亚国立大学
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ
语言文学系汉语言文学教研室
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ КАФЕДРА КИТАЙСКОЙ ФИЛОЛОГИИ
FACULTY OF PHILOLOGY DEPARTMENT OF CHINESE PHILOLOGY

«ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯСЫН
ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары
18 сәуір, 2025 ж.

«数字智能技术在现代汉语教学中的应用问题»
国际学术研讨会论文集
2025 年 4 月 18 日

«ПРОБЛЕМЫ ПРИМЕНЕНИЯ ЦИФРОВЫХ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ
В ПРЕПОДАВАНИИ СОВРЕМЕННОГО КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА»
Материалы международной научно-практической конференции
18 апреля, 2025 г.

«ISSUES IN THE APPLICATION OF DIGITAL INTELLIGENT TECHNOLOGIES IN
MODERN CHINESE LANGUAGE TEACHING»
Materials of the international scientific and practical conference
April 18, 2025

Астана, 2025

ӘОЖ 811.581
КБЖ 81.2 Кит-923
Қ 22

Редакциялық алқа:

Е.Б. Сыдықов – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы – Ректор
А.Б. Бейсенбай – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры
С.М. Дүйсенғазы – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің деканы
А.У. Исаев – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Қытай филологиясы кафедрасының меңгерушісі
Г. Ахметбек – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Қытай филологиясы кафедрасының доцент м.а.

Жауапты хатшы: Г.Т. Елубаева

Қ 22 «Қазіргі қытай тілін оқытуда цифрлық интеллект технологиясын қолдану мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (2025 жылдың 18 сәуір, Астана, Қазақстан). – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2025. – 174 б. – қазақша, қытайша, орысша.

ISBN 978-601-337-998-2

Бұл Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультеті Қытай филологиясы кафедрасы ұйымдастырған «Қазіргі қытай тілін оқытуда цифрлық интеллект технологиясын қолдану мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ынтымақтастық байланыс аясында және «БҰҰ-дағы қытай тілі күніне» орай ұйымдастырылған осы конференцияның жинағына қатысушылардың жасаған баяндамалары мен ұсынған мақалалары сұрыптап енгізілді. Жинақта цифрлық интеллект технологиялары: қазіргі кезеңдегі қытай филологиясының дамуы; қытай тілін халықаралық деңгейде оқыту және заманауи технологияларды қолдану мәселелері сияқты бағыттарда жазылған авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған. Мақалалар тек авторлық нұсқада жарияланды, мақала көзқарасына авторлар жауапты.

ӘОЖ 811.581
КБЖ 81.2 Кит-923

ISBN 978-601-337-998-2

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қытай филологиясы кафедрасы, 2025
© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева кафедра китайской филологии, 2025
© L.N. Gumilyov Eurasian national university department of chinese philology, 2025

ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ МОРальДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН АҒЫМДАР

Елубай Анаргүл

Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
anar_elubai@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада көне Қытай философиясының моральдық мәселелері мен ағымдары қарастырылады. Қытай философиясы даосизм, конфуциандық және фа-цзя мектептерінің негізінде қалыптасқан. Әрбір ағымның өзіндік ерекшеліктері мен әлемге деген көзқарасы бар, олар Қытай қоғамында маңызды рөл атқарды. Даосизм табиғатпен үйлесімді өмір сүруге негізделген болса, конфуциандық адамгершілік және моральдық құндылықтарды насихаттайды. Фа-цзя мектебі мемлекеттік басқару мен заңдылықтарды күшейтуді мақсат етеді. Мақалада осы философиялық ағымдардың тарихи, әлеуметтік және моральдық аспектілері зерттеледі.

Аннотация: В данной статье рассматриваются моральные проблемы и направления древнекитайской философии. Китайская философия основана на даосизме, конфуцианстве и школе фа-цзя. Каждое направление имеет свои особенности и взгляды на мир, которые играли важную роль в китайском обществе. Даосизм основан на гармонии с природой, конфуцианство пропагандирует гуманизм и моральные ценности, а школа фа-цзя направлена на усиление государственного управления и законности. В статье исследуются исторические, социальные и моральные аспекты этих философских направлений.

Түйін сөздер: Қытай философиясы, даосизм, конфуциандық, фа-цзя мектебі, мораль, ағымдар, философия.

Ключевые слова: Китайская философия, даосизм, конфуцианство, легизм, мораль, направления, философия.

Қытай философиясы, көне замандардан бастау алып, бүгінгі күні әлемдік философиялық ойлардың ең маңызды салаларының бірі болып табылады. Шығыс философиясының бастаулары терең мифология мен діни көзқарастардан келеді. Қытай философиясы туралы айтқанда, оны әртүрлі мәдениеттер мен дәуірлердегі моральдық және әлеуметтік мәселелерге жауап ретінде қарастыруға болады. Бұл философияның үш негізгі ағымы, яғни даосизм, конфуциандық және фа-цзя мектебі, Қытай қоғамының болмысын түсінуде маңызды рөл атқарды.

I. Қытай философиясының түптамасы

Қытайдың философиялық ойының негізі көбінесе оның мифологиясына байланысты. Қытай мифологиясында, мысалы, дүниенің жаратылуы туралы түсініктердің терең символикалық маңызы бар. Қытай мифологиясында «Алғашқы тұңғықтың (хаостың) ішінде үлкен жұмыртқа пайда болып, оның ішінен дәу алғашқы адам - Пань-Гу шықты» деген аңыз кездеседі. Бұл мифтің мәні Қытай философиясының дүниетанымдық негіздеріне, яғни Дао мен Де принциптеріне байланысты. Мұнда дүниенің жаратылуының екі түрлі бастауын көрсету маңызды – еркектік (ян) және әйелдік (инь) қағидалары. Олар бір-бірімен үйлесіп, бүкіл болмысты қалыптастырады.

II. Даосизм философиясы қытай философиясының бастауы

Даосизм философиясы Қытай философиясының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Оның негізін қалаушы – Лао-Цзы, ал оның ең маңызды еңбегі – «Даодецзин». Лао-Цзының философиясы табиғатпен үйлесімді өмір сүрудің негізін қалаған. Дао – дүниенің қайнар көзі, алғашқы негізі болып табылады. Дао туралы Лао-Цзы былай дейді: «Дао – мәңгілік, ол өзгермейді, бітімсіз, танылмайды». Дао тек әлемнің бастамасы ғана емес,

сонымен бірге оның барлығын реттейтін заңдылықтары мен қозғалыстарының негізгі деуі мүмкін.

Даосизмның көне қытай тәрбиесіндегі ерекшелігі

Даосизмнің бір ерекшелігі – табиғатқа, оның заңдылықтарына құрметпен қарау. Қытайдағы даосизмнің басты қағидасы – «У вей», яғни әрекетсіз әрекет. Бұл өмірдегі барлық нәрсенің табиғи ағымына қарсы келмей, оған бейімделу керек екенін білдіреді. Сонымен қатар, даосизм адамның ішкі дүниесін терең түсінуді және оған сәйкес әрекет жасауды насихаттайды. Даосизм бойынша, адам тек сыртқы тәртіп пен ережелерге ғана емес, ішкі үйлесімге де ұмтылуы қажет. Лао-Цзы ілімінде өмір мен өлім, қуаныш пен қайғы — барлығы Дао жолының бір бөлігі ретінде қарастырылады. Ол адамның табиғи болмысын бұзбай, өмірдің ағысымен үндес болуын жоғары қояды. Даосизм этикасының мақсаты — қарапайым, шынайы өмір салтын сақтау, құмарлықтар мен жасанды құндылықтардан арылу. Даосистік дүниетанымда тыныштық, қарапайымдылық пен теңгерім басты орын алады [1, 158].

Білім және ғылым саласындағы ықпалы:

Даосизмде білім мен тәрбие мәселесі басқа философиялық ағымдармен салыстырғанда ерекше көзқараспен қарастырылады. Даосистер үшін формалды білім мен шектеулі логикадан гөрі, интуитивтік түсінік пен табиғатпен үйлесімді өмір сүру маңыздырақ. Лао-Цзы кейбір еңбектерінде тым көп білімнің адамды табиғи болмысынан алыстататынын айтып, шынайы даналық – бұл табиғаттың заңдылықтарын жүрекпен сезіне білу деп көрсетеді [6, 412].

Даосизмдегі тәрбие — адамның ішкі тыныштығын, қарапайымдылығын және шынайылығын сақтау. Ол тәрбиені сырттан берілетін нұсқаулар мен моральдық нормалар арқылы емес, адамның өз ішіндегі Даоны тануы арқылы жүзеге асыруды ұсынады. Шынайы тәрбие – бұл адамның өз табиғи болмысын бұзбай, ішкі үйлесімге жетуі. Осыған байланысты, даосизмде тәрбие мен білім адамның табиғатына қайшы келмеуі керек, керісінше, оны толықтырып, тереңдетуі тиіс. Білім – мақсат емес, тек құрал. Ал шынайы мақсат – Дао жолын ұстану арқылы рухани жетілу мен тыныш өмір сүру [1, 14].

III. Конфуциандық философия

Конфуциандық философиясы, негізінен, қоғамдағы мораль мен этика мәселелеріне көп көңіл бөледі. Конфуцийдің көзқарастары Қытай қоғамының дәстүрлі құндылықтары мен адамгершілік қағидаттарына негізделеді. Конфуцийдің басты ұғымы – «Жэнь» – яғни адамгершілік, гуманизм. Ол қоғамда адамның моральдық қасиеттерін арттыру арқылы адамдар арасындағы гармония мен келісімді қамтамасыз етуді мақсат етеді. Сонымен қатар, Конфуций мемлекет басшыларынан халыққа қызмет ету мен әділдік талап еткен. Конфуциандық философияның негізгі қағидаттары – бұл тәртіп, адалдық, отбасылық құндылықтар, құрмет көрсету және әдептілік. Конфуцийдің ойынша, адам өз міндетін орындап, қоғамның игілігі үшін әрекет етуі керек. Бұл философия моральдық және әлеуметтік қатынастарды реттеуде үлкен рөл атқарады, әрі қазіргі Қытай қоғамында да үлкен әсерін тигізуде.

Конфуцийшілдіктің шетелдерге таралуы:

Конфуцийшілдіктің шетелдерге таралуы Қытай мәдениетінің жаһандық ықпалының артуымен тығыз байланысты. Бұл ілім алғашында Қытайда қалыптасып, ғасырлар бойы оның әлеуметтік, саяси және моральдық жүйесінің негізіне айналды. Конфуцийдің адамгершілік, әділдік, билік пен қоғамның үйлесімділігі туралы идеялары Қытай өркениетінің негізгі іргетасы болды.

Уақыт өте келе конфуцийшілдік Корея, Жапония, Вьетнам және басқа да Шығыс Азия елдеріне тарады. Бұл елдерде ол ресми идеология ретінде қабылданып, білім беру, басқару және отбасы құрылымына терең әсер етті. Кореяда Чосон әулеті (1392–1897) кезінде конфуцийшілдік мемлекеттік басқару мен білім беру жүйесінің негізіне айналды [2, 12]. Жапонияда Токугава шогунаты (1603–1868) кезінде бұл ілім билеуші самурайлар этикасына, моральдық қағидаларына ықпал етті [3, 19].

Вьетнамда конфуцийшілдік заң жүйесі мен әкімшілік құрылымдардың қалыптасуына

әсер етіп, оның дәстүрлі мәдениетіне сіңісіп кетті

XX–XXI ғасырларда конфуцийшілдіктің жаһандық таралуы

XX ғасырда Қытайда саяси өзгерістер орын алғанымен, конфуцийшілдік идеологиясы өзінің ықпалын жоғалтпады. Керісінше, ол жаңа бағытта дамып, Қытайдың сыртқы мәдени саясатының бір бөлігіне айналды. 2004 жылдан бастап Қытай үкіметі әлемнің түкпір-түкпірінде Конфуций институттарын ашу арқылы қытай тілін, мәдениетін және конфуцийлік құндылықтарды насихаттауды қолға алды. Бүгінде 150-ден астам елде осы институттар жұмыс істейді. Бұл институттар арқылы Қытай өзінің жұмсақ күшін арттырып, мәдени және білім беру саласындағы ықпалын кеңейтуде [4, 233].

Сонымен қатар, конфуцийшілдік Батыс әлемінде де зерттеліп, этика, саясат, басқару және білім салаларында қолданылып келеді. Батыстағы кейбір университеттерде конфуцийшілдікке арналған академиялық бағдарламалар енгізілді, бұл оның жаһандық деңгейде танылуына ықпал етті [7, 121].

Конфуцийшілдіктің заманауи маңызы

Конфуцийшілдік – тек философиялық ілім ғана емес, ол мәдени диалогтың маңызды құралы. Оның негізгі қағидалары – үлкенге құрмет, білімге ұмтылыс, тәртіп пен үйлесімділік – бүгінгі көпмәдениетті қоғамда өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі таңда бұл ілім тек Азия елдерінде ғана емес, Батыс елдерінде де зерттеліп, этикалық басқару, әлеуметтік үйлесімділік және білім жүйесін жетілдіру салаларында қолданыс табуда. Конфуций идеялары корпоративтік менеджментте, дипломатияда және этика салаларында да өзекті бола түсуде [4, 77].

Осылайша, конфуцийшілдік тек Қытай үшін ғана емес, бүкіл адамзат үшін маңызды рухани және тәрбиелік ресурс ретінде қабылданып отыр. Ол мәдениетаралық байланысты нығайтуға, білім мен моральдық құндылықтарды сақтауға ықпал ететін жаһандық феномен ретінде қалыптасты.

Фа-цзя мектебі

Фа-цзя (заң мектебі) – Қытай философиясындағы әлеуметтік-саяси бағыттардың бірі, ол б.з.д. IV–III ғасырларда Чжань-Го дәуірінде кеңінен тараған. Бұл ағымның өкілдері – Шан Ян, Шэнь Бу-Хай және Хань Фэй – басқару жүйесінде қатаң заңдардың үстемдігін басты қағида етіп ұстанды. Фа-цзя философиясы бойынша, адамдар табиғатынан өзімшіл және өз пайдасын көздейтін болғандықтан, оларды тек қатал тәртіп пен әділ заңдар арқылы ғана дұрыс жолға салуға болады [5, 22].

Фа-цзя мектебінің ерекшелігі – билікке жеке тұлғаның мінезі мен ізгілік қасиеттеріне емес, заңдардың үстемдігіне сүйенуді ұсынуы. Бұл философияда «жақсы басшы – жақсы заң орнатушы» деген ұғым басым. Басқарудағы тиімділік пен тәртіптің кепілі – нақты ережелер мен олардың бұлжытпай орындалуы. Мысалы, Хань Фэй “заң бәріне ортақ, оны бұзған – жазаланады, кім болса да” деген принципті ұстанды. Бұл мектептің идеялары Қытай тарихындағы Цинь әулетінің билік жүргізуінде маңызды рөл атқарды, әсіресе алғашқы император Цинь Шихуанди кезінде. Фа-цзя ілімі мемлекеттік басқарудағы орталықтандыру мен тәртіп орнатуға ықпал етіп, Қытай империясының негізін қалау жолында маңызды құралға айналды. Дегенмен, бұл ағым тым қатаңдығымен сынға да ұшырады, өйткені адамгершілік пен гуманизм ұстанымдары екінші орынға ысырылып қалды.

Бүгінгі таңда фа-цзя мектебінің идеялары мемлекеттік басқару, заң үстемдігі мен құқықтық мәдениет қалыптастыру салаларында тарихи сабақ ретінде қарастырылады.

Қазіргі заманмен байланысы

Бүгінгі жаһандану дәуірінде көне Қытай философиясы адамзатқа жаңа моральдық бағдар беруге қабілетті. Әсіресе экологиялық дағдарыс, рухани күйзеліс, әлеуметтік қатынастардағы тұрақсыздық жағдайында даосизмнің табиғатпен үйлесім, конфуцийшілдіктің тәрбие мен білімге басымдық беруі, фа-цзяның құқық пен тәртіпке мән беруі өзектілігін жоғалтқан жоқ [6]. Бұл ілімдер жаһандық деңгейдегі моральдық және әлеуметтік мәселелерге балама шешім ұсына алады.

Қытай философиясын зерттеу арқылы біз тек тарихи құбылыстарды ғана емес, сонымен

қатар қазіргі қоғамның рухани және этикалық мәселелеріне де тереңірек үңілуге мүмкіндік аламыз. Бұл философия адам мен қоғам арасындағы үйлесімділікке жетудің, рухани кемелдік пен әділеттілікке ұмтылудың көне де, көкейкесті жолын көрсетеді. Сондықтан да Қытай философиясы – бүгінгі заман үшін де маңызды рухани қазына.

Қорытынды

Қытай философиясы – мыңжылдықтар бойы қалыптасып, өзіндік терең дәстүрлері мен жүйелі ойлау мектебі бар ерекше рухани-танымдық құбылыс. Оның үш негізгі ағымы – даосизм, конфуциандық және фа-цзя мектебі – Қытай қоғамының рухани-мәдени негіздерін қалыптастырып, бүгінгі күнге дейін өз әсерін жоғалтқан жоқ. Бұл философиялық мектептер тек бір елдің дүниетанымын ғана емес, жалпы адамзаттық моральдық, әлеуметтік және саяси мәселелерге де жауап іздеген.

Даосизм табиғатпен үйлесім табу арқылы ішкі тыныштық пен рухани жетілуге үндейді. Конфуциандық – білімге, адамгершілікке, отбасы мен қоғамдағы келісімге негізделген философия ретінде жеке тұлғаның тәрбиесі мен мемлекеттің дамуына зор мән береді. Ал фа-цзя мектебі тәртіп пен әділетті заңдар арқылы қоғамдық тұрақтылыққа қол жеткізуді көздейді. Бұл ағымдар өзара қарама-қайшы болғанымен, олар бір-бірін толықтырып, Қытай өркениетінің негізін құрады. Қазіргі жаһандану дәуірінде бұл көне ілімдер әлемдік моральдық құндылықтар мен философиялық ізденістерге жаңаша серпін беріп отыр. Олардың адамгершілік, тәртіп, үйлесім мен даналыққа негізделген ұстанымдары бүгінгі қоғам үшін де маңызды. Қытай философиясын зерделеу – тек тарихи мұраға үңілу емес, сонымен қатар адамзаттың рухани дамуына үлес қосатын терең білім көзіне бойлау. Сондықтан бұл философиялық ілімдердің мәні мен маңызы уақыт өткен сайын арта бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лао Цзы. Даодэцзин. – Бейжің: Қытай Ғылым Академиясы, 2020. – 158 б.
2. De Bary, Wm. Theodore. The Trouble with Confucianism. // Harvard University Press. 1991, p. 24.
3. Bell, Daniel A. China's New Confucianism: Politics and Everyday Life in a Changing Society. // Princeton University Press. 2008.
4. Конфуций. Лунь Юй. – Пекин: Халық баспасы, 2021. – 233 б.
5. Хань Фэйцзы. Фа-цзя философиясы. – Шанхай: Мәдениет баспасы, 2019. – 22-25 б.
6. 冯友兰. 中国哲学史. – 北京: 商务印书馆, 2018. 412 页.
7. Ames, R. T., & Rosemont, H. The Analects of Confucius: A Philosophical Translation. // Ballantine Books. 1998.

MORAL ISSUES AND SCHOOLS OF THOUGHT IN CHINESE PHILOSOPHY

Anargul Elubai

Master of Pedagogical Sciences, Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana,
Kazakhstan
anar_elubai@mail.ru

Abstract. This article examines the moral issues and schools of thought in ancient Chinese philosophy. Chinese philosophy is based on Daoism, Confucianism, and the Legalist school of thought (Fa-Jia). Each school has its own characteristics and worldview, playing an important role in Chinese society. Daoism is based on living in harmony with nature, Confucianism promotes humanistic and moral values, while the Fa-Jia school focuses on strengthening governance and legality. The article explores the historical, social, and moral aspects of these philosophical schools.

Keywords: Chinese philosophy, Daoism, Confucianism, Legalism, morality, trends, philosophy.